

Қаржы саласындағы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу және "Қауіпсіздендіру туралы" заң жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 255-ө
Өкімі

Қаржы саласындағы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу және "Қауіпсіздендіру туралы" заң жобасын әзірлеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Өзбеков - Қазақстан Республикасының
Гани Нұрмаханбетұлы Қаржы вице-министрі, жетекші

Әйтекенов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Медібайұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі,
жетекшінің орынбасары

Байнақов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Рахмет Ғазизұлы министрлігінің Мемлекеттік
борыш және кредит беру
департаменті директорының
орынбасары, хатшы

Баймағамбетов - Қазақстан Республикасының
Серік Нұртайұлы Әділет вице-министрі
Смағұлов - Қазақстан Республикасының
Болат Советұлы Индустрия және сауда вице-
министрі

Өтеғұлов - Қазақстан Республикасының
Мәулен Амангелдіұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі
Мемлекеттік қарыз алуды
жоспарлау және кредит беру
департаментінің директоры

Тәжияқов - "Қазақстанның Даму Банкі"
Ержан Бисенғалиұлы акционерлік қоғамы вице-
президентінің міндетін атқарушы

(келісім бойынша)

Козлов
Юрий Константинович

(келісім бойынша)

Алдашов
Марс Бақтиярұлы

(келісім бойынша)

- "Қазақстанның Даму Банкі"
акционерлік қоғамының президенті
аппаратының басшысы

- Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі Стратегия
және талдау департаменті
директорының орынбасары

2. Жұмыс тобы 2004 жылғы 10 қазанға дейінгі мерзімде қаржы саласындағы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу әрі "Қауіпсіздендіру туралы" заң жобасын әзірлеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Жұмыс тобы қажет болған кезде заң жобасымен жұмыс істеуге отандық және шетелдік консультанттарды тартсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жұмыс органы болып белгіленсін.

Премьер-Министр